

**«Bilimclass» электрондық журналының 1–11 сыныптар бойынша
тексеру нәтижелері туралы аналитикалық анықтамасы**

2025–2026 оқу жылының мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 7–11 қазан аралығында мұғалімдердің электрондық пән журналдарын толтыру сапасы тексерілді.

Тексерудің мақсаты:

Журналды уақытылы жүргізу, критериялды бағалау (жиынтық және қалыптастырушы) нәтижелері бойынша ата-аналармен кері байланысты қамтамасыз ету, бағдарламалық материалдың орындалуын бақылау.

Тексеру нысаны: 1–11 сыныптардың «Bilimclass» электрондық журналы.

Тексеру барысында барлық мұғалімдердің (100%) оқу үлгерімі мен сабаққа қатысу көрсеткіштерін күнделікті толтырып отыратыны анықталды. Мониторинг мұғалімдердің электрондық журналмен жұмыс жасауды сенімді меңгергенін, сынып жетекшілерінің оқушылардың қозғалысын дер кезінде жүргізетінін көрсетті.

Барлық оқушылар мен ата-аналар жүйеде жұмыс істеу үшін логин және парольмен қамтамасыз етілген. Дегенмен, оқушылар мен ата-аналар өз парақшаларын үнемі қарап отырмайтыны байқалды. Электрондық журналдарды жүргізу барысында бірқатар бұзушылықтар тіркелді: журналды толтыруда және «Үй тапсырмасы» бағанын енгізуде кешігулер кездеседі.

Ұсыныстар:

1. Пән мұғалімдері журналдарды нұсқаулыққа сәйкес толтыруы қажет.
2. Журналдарды күн сайын сағат 21:00-ге дейін толтыру.
3. Электрондық журналды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген барлық талаптарды назарға алу.
4. Журналды толтыруда қателік жіберген мұғалімдермен жеке әңгіме өткізіліп, электрондық журналды жүргізу нұсқаулығымен қайта таныстыру.
5. Тексеру қорытындысы бойынша ауызша ескерту алған мұғалімдер барлық кемшіліктерді жоюы және орындалғаны туралы есеп беруі тиіс.

Басшының ОІЖ орынбасары:  К.Б. Маулибергенова